

# BILIM AINASY

ақпан-февраль 2025



**Ақтөбе қаласы  
МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай  
балабақшасы**

<https://bilimainasy.kz>



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың  
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді

Зарегистрирован в Министерстве Культуры  
и Информации Республики Казахстан, Комитете  
информации и Архивов за № 14080-Г от 30.12.2013г.

эл.почта: [ou2020@mail.ru](mailto:ou2020@mail.ru)

тел: +7 705 444 8151

**БІЛІМ**  **АЙНАСЫ**

**СЕРТИФИКАТ**

**Басмагамбетова Ақтолқын Сериккалиевнаға**

**Республикалық ғылыми-танымдық "БІЛІМ АЙНАСЫ"  
журналында материалын жариялап іс-тәжірибесімен  
бөліскені үшін берілді**

**"Білім айнасы" редакциясының**

**Бас редакторы**



**Қ.Қатшабаев**



@BILIMAINASY

**Астана қ. 2025 жыл**

**Тіркелді № 12542**

# Алғыс хат

## Басмағамбетова Ақтолқын Серіккалиевнаға

ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ІЗГІ  
ЖОЛЫҢЫЗ-ЖАС БУЫНҒА ҮЛГІ.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС ПЕН ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІГІҢІЗ,  
БІЛІКТІЛІГІҢІЗДІ ШЫҢДАП, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА  
БАҒЫТТАЛҒАН ИГІ БАСТАМАЛАРЫҢЫЗ ҮШІН ЕҢБЕГІҢІЗГЕ ТАБЫС,  
СӘТТІЛІК ТІЛЕЙ ОТЫРЫП, АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ!



@BILIMAINASY

"BILIM AINASY" редакциясының  
бас редакторы



**Қ.Қатшабаев**

Тіркелді № 806  
Астана қ. 2025 жыл

# BILIM AINASY

ақпан-февраль 2025



***Ақтөбе қаласы  
МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай  
балабақшасы***

<https://bilimainasy.kz>

«Білім айнасы» 2025 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы ақпан 2025 ж. №02 (731-журнал)  
Приложение к газете «Білім айнасы» февраль 2025 г. №02 (731-журнал)**

*Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.*

*Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.*

*Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.*

**Аты:** «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

**Название:** Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

**Тілі:** қазақша, орысша.

**Язык:** казахский, русский.

**Негізгі тақырыптық бағыты:** білім саласына арналған танымдық газет.

**Основное тематическое направление:** научно-познавательная газета для образовательной сферы.

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы

**Территория распространения:** Республика Казахстан

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.*

**Астана, 2025 жыл**

**Мазмұны:**  
**Содержание:**

1. <b>Айткалиева С.М.</b> – Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы.....	3
2. <b>Басмагамбетова А.С.</b> - Түс терапиясы инновациялық денсаулық сақтау технологиясы ретінде педагогтарға арналған мастер-класс.....	6
3. <b>Бекмагамбетова М.К.</b> - Бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиенің рөлі.....	10
4. <b>Әлжанова А.Ә.</b> - Эстетикалық қарым-қатынасты музыкалық бейне шығармалар арқылы қалыптастыру.....	12
5. <b>Кунжарикова Г.Ч.</b> - Балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру.....	15
6. <b>Кушанова Б.Б.</b> - Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі.....	18
7. <b>Қарашина А.Б.</b> - Балалардың тілін ойын арқылы дамыту.....	24
8. <b>Молдан А.Б.</b> - Дидактикалық ойындар – баланың ойын дамытудағы басты құрал.....	26
9. <b>Оразалина А.А.</b> - Ұлттық тәрбиенің құралы – халық педагогикасы.....	29
10. <b>Шуюншалиева Н.А.</b> - Жас ұрпақтың рухани – адамгершілік тәрбиесі.....	31
11. <b>Ермагамбетова Ш.Ж.</b> - Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны.....	34
12. <b>Нұрқасымова С.Х.</b> - Мектепке дейінгі ұйымда ойын іс-әрекетін ұйымдастырудың маңыздылығы.....	36



**Айткалиева Сандугаш Муратовна,**  
Ақтөбеоблысы Ақтөбе қаласы МКҚК  
№ 45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
тәрбиеші  
педагог-модератор

### **Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы**

Мектеп жасына дейінгі баланың дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекеті - ойын. Ойын арқылы бала өзінің қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен адамдардың еңбегімен қарым - қатынастармен таныстырады. Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың толық интеллектуалды даму мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Интеллектуалды толық дамыған мектеп жасына дейінгі бала берілген материалды тез қабылдайды, өзінің күшіне сенімді, айналасындағылармен тез тіл табысады. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұйымдастырылған іс-әрекетінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестету, сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлінеді.

Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай жас ерекшеліктеріне сай олардың көз қарастарын мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын балалар үшін айналадағыны танып,білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Білім беру саласында өскелең ұрпақты дамыған елдердің қатарында көру үшін үздіксіз еңбек етуде кез-келген педагогтың алдына қойған мақсаты – оқу-тәрбие сапасын көтеру үшін балалардың қызығушылықтарын арттырып, танымдық қабілетін дамыту.

Бұл мақсатты жүзеге асыру педагогтың шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Білім беру саласында балалардың білімді игеруге деген құлшынысын арттыру үшін әр түрлі жаңа технологиялар ауадай қажет. Сондай технологиялардың бірі – ойын элементтерін пайдалану.

Ойын барысында бала өзі ғана емес қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды сол арқылы бір- бірімен өзара қарым -қатынас жасайды. Мұның өзі баланың дамуы үшін маңызды. Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Балаға ойын арқылы білім беру және танымдық дағдыларын дамыту ұйымдастырылған іс әрекеттерде жүзеге асырылады. Ойын іс-әрекет басында – өткен іс-әрекетін еске түсіру шараларын іске асыруға негіз болады. Ұйымдастырылған іс-әрекет ортасында ойын – көңіл-күйін сергіту, ерік-жігерін дамыту, ойлауға ынтасын арттыру жағдайын жасайды. Іс-әрекет соңында ойын– тақырыпты қорыту, ұйымдастырылған іс-әрекетінде алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Осы аталған

жүйені қолдануда ойындардың түрлерін ажыратып қолдану сапалы нәтиже береді. Баланың меңгерген білімінің сапасын анықтауда «Санамак», «Пішінді сәйкестендіріп орналастыр», «Заттарды салыстыру», «Не өзгерді?» дидактикалық ойындар кеңінен қолданылады.

Дидактикалық ойындар сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері ойнатылады. Балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп, сипап сезу арқылы ойнайды. Немесе ойыншық заттарды сипаттауға болады. Мысалы: Бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай? Доп – домалақ. Ол күнге ұқсайды. Доппен біз қызықты ойындар ойнаймыз т.б. Кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане сен көк кубиктерді әкелші, үстелге апарып қойшы. Бұл жерде балалар кеңістікті бағдарлауды үйренеді. Дидактикалық ойындар ересек топтарда қарағанда күрделеніп жүргізіледі. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы ойын әрекетін дамытуға болады.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын ойлау қабілетін, қабылдауын, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытуға, өзін-өзі бақылауға үйретеді. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты бір нәрсе жайында сұралып баланың оған жауап беруге белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнайды. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Сюжетті-рольді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Қимыл ойындары алдымен балаға дене тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке жүйесін дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы рөл атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі.

Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар: Киімдерді балалармен таныстырумен қатар киіну дағдыларын қалыптастыруға үйретеміз. Заттық ыдыстарды қолдану арқылы жүргізіледі: Ыдыстарды қолдана отырып жеке және жалпы атауын айта білуге балаларды үйретеміз. Сонымен қатар «Қуыршаққа тамақ дайындаймыз» ойынын ойната отырып ыдыстарды қолданудың әдістерін үйретеміз. Мысалы: қасықты оң қолға ұстаймыз, тарелкені екі қолмен ұстаймыз. т. б.

Заттық үй жануарларын қолдану арқылы: Заттық үй жануарларды қолдана отырап балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамытамыз.

Мысалы: «Үй және жабай аңдарды ажырат» дидактикалық ойынын ойнау арқылы заттық үй жануарларын қолдануға болады. Мұнда балалар жануарларды ажыратып, өз орындарына қолымен ұстап орналастырады. Үстел – үсті дидактикалық ойындары таңертеңгілік балаларды қабылдау кезіне ойнатылады. Балалардың есте сақтау қабілеті таңертеңгілік уақытта жақсы қабылдайды. Сондықтан заттардың атын жаттау, немесе жалғасын табу, құрастыру, орнын табуға байланысты ойын түрлері ойнатылады. Мысалы: «Қуыршақ Айнұрға киінуге көмектес», «Заттың екінші бөлігін тап», «Суреттің жетпей тұрған бөлігін толықтыр» (қысқыштармен) т. б.

Бала саусағын ойната отырып, сөйлеу тілін дамытамыз. Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны - саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең - тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Эмоционалды ойын табиғаты бойынша тіпті ең құрғақ ақпаратты жандандырып, жарқын және эмоцияларға толы ете алады. Ойында әркімді белсенді жұмысқа тартуға болады, бұл пассивті тыңдауға немесе оқуға қарсы тұратын форма.

Демек, ойын-тәрбие және оқыту құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, санауды, салыстыруды адамгершілік сапаны жетілдіреді. Ұжымдық сезім әрекеттері өсіре түседі.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.



**Басмагамбетова Актolkын Сериккалиевна,**  
Ақтөбе қаласы, МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-  
балабақшасының әдіскері  
педагог-модератор

## **«Түс терапиясы инновациялық денсаулық сақтау технологиясы ретінде» педагогтарға арналған мастер-класс**

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша педагогикалық тәжірибені тарату.

### **Міндеттері:**

\*Денсаулық сақтау технологияларының маңыздылығын ашу; \*оларды өткізу әдістемесімен таныстыру; \*мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау бойынша жеке тәжірибесімен бөлісу; \*Денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша педагогикалық тәжірибені тарату; \*кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында педагогтарды Денсаулық сақтау технологияларының элементтерімен таныстыру.

**«Денсаулық сақтау технологияларына»** арналған бүгінгі мастер-классты бастаймыз!

Бүгінгі таңда балабақшаларда балалардың денсаулығын нығайтуға көп көңіл бөлінеді.

Жұмысымызды бастамас бұрын біз **"Шар" деп аталатын жаттығуды** өткіземіз (адам денсаулығының құндылығы туралы). Әуе шарының суретін салыңыз, ол жер бетінен ұшады, ішінде сіз барсыз. Бұл Сіз. Айналаңызда күн, көк аспан жарқырайды. Сіз үшін қандай 9 құндылық маңызды екенін жазыңыз, оларды өзіңізбен бірге сапарға апарасыз (мысалы, ақша, денсаулық, отбасы, жұмыс, махаббат және т.б.). Енді сіздің шарыңыз төмендей бастады және жақын арада құлап кету қаупі бар деп елестетіп көріңіз. Жоғары көтерілу үшін балластан арылу керек. Балласты қалпына келтіріңіз, яғни тізімнен 3 сөзді алып тастаңыз. Бірақ доп әлі де азаяды және сіз әлі де балласты тастап, тізімнен тағы 3 сөзді алып тастауыңыз керек. Сіз тізімде не қалдырдыңыз? (Барлығы өздерінің қалған өмірлік құндылықтарын шеңберде оқиды, ал жүргізуші оларды тақтаға жазады, ал егер сөздер қайталанса, онда ол әрқайсысына қарама-қарсы артықшылықтар қояды. Содан кейін өмірлік құндылықтардың рейтингі артықшылықтар саны мен маңыздылығы бойынша анықталады.

**Түс терапиясы**-бұл емдеу мен сауықтырудың ең перспективалы және сенімді әдістерінің бірі. Түс балалардың эмоционалды және интеллектуалдық дамуының қуатты стимуляторы ретінде қызмет етеді.

Мен әріптестерге өз қалауы бойынша түсті жолақты таңдауды ұсынамын.

1. **Қызыл түс** денсаулықты, физикалық күшті, төзімділікті, тұрақтылықты, өзіне деген сенімділікті қамтамасыз етеді, ішкі энергияны арттырады, қан айналымы мен метаболизмді қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

2. **Қызғылт сары түс** нейроэндокринді жүйені реттеу деңгейін жоғарылатады, шаршауды, депрессияны, белгісіздікті, мазасыздықты және қорқынышты жеңуге көмектеседі.

3. **Сары түс** күннің символы ретінде шиеленісті жеңілдетеді және адамға үміт сезімін сыйлайды.

4. **Жасыл түс** жүректің ырғақты жұмысына, көздің тынығуына ықпал етеді, орташа қабынуға қарсы және аллергияға қарсы әсері бар. Сонымен қатар, ол жөтелге көмектеседі. қалқанша безінің жұмысына жағымды әсер етеді.

5. **Көк түс** ұйқысыздыққа көмектеседі, қорқынышты жеңілдетеді, жайлылық пен тыныштық сезімін тудырады, шиеленісті жеңілдетеді, қан қысымын төмендетеді, тыныс алуды тыныштандырады.

6. **Күлгін түс** жұмсақ, ынталандырушы әрекет етеді. Энергияның сарқылуымен күш береді, депрессияға, пессимизмге және әлсіздікке жол бермейді.

Таңдалған түске байланысты педагогтарға денсаулық сақтау технологиясын қолдану тапсырмасы беріледі.

### **Қызыл сектор**

Мәтінге сәйкес қимылдарды ойлап тауып, **саусақ гимнастикасын** көрсету керек

Жалғыз саусақ тіпті де, (*сұқ саусақты ашып жұмамыз*)

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті, (*бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз*)

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, (*бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып қимыл жасаймыз*)

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ! (*он саусақты көрсетеміз*)

Қала салсақ, жол салсақ. (*қолымызды алдыға қарай созамыз*)

*М. Әлімбаев*

Будем мы варить компот, Фруктов нужно много. Вот: Будем яблоки крошить,

Грушу будем мы рубить. Отожмем лимонный сок, Слив положим и песок.

Варим, варим мы компот. Угостим честной народ.

### **Күлгін түс**

Биологиялық белсенді нүктелердің нүктелік массажы

Точечный массаж биологически активных точек

#### **«Салат» тақпағы**

Сәбізді алып тазалаймыз 1. (*Оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды*)

Үккішпен үгіп майдалаймыз 2. (*Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары төмен қозғайды*)

Қанттан сеуіп дәмдейміз 3. (*Саусақтардың ұшымен «қант себеді»*).

Қаймақ құйып сәндейміз 4. (*Қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білезігін жоғары-төмен қозғайды*).

Міне, дайын нәр тағам 5. (*Алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді*).

Дәруменге байыған.

#### **«Снеговик» (профилактика ОРЗ)**

Раз – рука, два – рука. *Вытягивают вперёд поочередно руки.*

Лепим мы снеговика. *Имитируют лепку снежков.*

Три-четыре, три-четыре, *Поглаживают ладонями шею.*

Нарисуем рот пошире.

Пять – найдём морковь для носа, *Кулачки растирают крылья носа.*  
угольки найдём для глаз.

Шесть – наденем шляпу косо, *Приставляют ладони ко лбу «козырьком» и растирают лоб.*

Пусть смеётся он у нас.

Семь и восемь, семь и восемь –

Мы плясать его попросим. *Поглаживают колени ладошками.*

### **Қызғылт сары сектор**

Самомассаж ушных раковин

#### **Құлақ массажы**

Самомассаж ушных раковин можно проводить от 1 — 2 и более раз в день в зависимости от эффективности его действия и общего самочувствия.

**Құлағым, құлағым.**

**Жақсыны есті,**

**Жаманды естіме.**

Сұқ саусағымызды құлақтың артына апарып уқалаймыз.

Келесі: «Құлақты тартамыз»

Үлкен және сұқ саусақ ұшымен екі құлақтың шетін ұстап төмен қарай тартып кейін жибереміз.

«Құлақты жылтамыз»

Алақанымызды құлаққа қарай апарып қабыршағын қатты уқалаймыз.

Взяли ушки за макушки

*(Большим и указательным пальцами с обеих сторон)*

Потянули *(Несильно потянуть вверх)*

Пощипали *(Несильные нажимы пальцами)*

Вниз до мочек добежали.

*(С постепенным продвижением вниз)*

Мочки надо пощипать:

*(Пощипывание в такт речи)*

Пальцами скорей размять.

*(Приятным движением разминаем между пальцами)*

Вверх по ушкам проведём

*(Провести по краю уха, слегка сжимая большим и указательным пальцами)*

И к макушкам вновь придём.

### **Жасыл сектор**

Егер біз балаларымыздың көру қабілеті жақсы болғанын қаласақ, біз өз сабақтарымызда көзге арналған гимнастикаға көп уақыт бөлуіміз керек.

Бұл жаттығу кезінде балалар отырады, бойын тіке ұстайды, аяғы жерде болады, басы бір бағытта болады. Тек көздің бұлшықеті ғана жұмыс жасайды.

Проведём, друзья, сейчас Упражнения для глаз. Мы снежинку увидали. -

Со снежинкою играли. Берут снежинку в руку, вытянуть снежинку вперёд перед собой, сфокусировать на ней взгляд. Снежинки вправо полетели, Дети вправо посмотрели. Отвести снежинку вправо, проследить движение взглядом. Вот снежинки полетели, Глазки влево посмотрели. Отвести её влево. Ветер снег вверх поднимал И на землю опускал... Поднимать снежинки вверх и опускать вниз. Дети смотрят вверх и вниз. Все! На землю улеглись.

Положить снежинки на стол, следя только глазками за снежинкой. Глазки закрываем, Закрывь ладошками глаза. Глазки отдыхают.

### **Сары түс секторы МУЗЫКОТЕРАПИЯ**

Музыка Ежелгі Грецияда және басқа елдерде адамның психикалық және физикалық жағдайын өзгерте алатындығы туралы белгілі болған, дұрыс таңдалған музыканы тыңдау балалардың иммунитетін арттырады, тітіркенуді, бас және бұлшықет ауырсынуын жеңілдетеді, тыныш тыныс алуды қалпына келтіреді. Музыка таңдамалы түрде әрекет етеді: шығарманың сипатына, ол орындалатын құралға байланысты. Мысалы, скрипка мен фортепиано жүйке жүйесін тыныштандырады, ал флейта босаңсытатын әсерге ие.

#### ***Упражнение на релаксацию «Солнечные лучики»***

Закройте глаза, вы лежите на мягкой траве, вокруг вас на поляне растут **цветы**.

Вот стрекошет кузнечик, кукушка где-то далеко считает года. Вы чувствуете теплые лучики солнца. Лучики согревают ваши руки, ноги, лицо.

Один из лучей коснулся ваших губ и нарисовал вам улыбку. Вам приятно от этих прикосновений. Вы ощущаете себя частью природы. Эту улыбку вы пронесете и подарите своим друзьям...

Потяните руки вверх, вдохните и откройте глаза на счет «три». Ваша прогулка была чудесной.

#### **Көк түсті сектор Тыныс алу гимнастикасы**

«ВЕТЕРОК» жаттығуы

Я ветер сильный, я лечу,

Лечу, куда хочу (*руки опущены, ноги слегка расставлены, вдох через нос*)

Хочу налево посвищу (*повернуть голову налево, губы трубочкой и подуть*)

Могу подуть направо (*голова прямо, вдох, голова направо, губы трубочкой, выдох*)

Могу и вверх я в облака (*голова прямо, вдох через нос, выдох через губы трубочкой*)

Ну а пока я тучи разгоняю (*круговые движения руками*).

Повторить 3-4 раза.

#### **Мастер-класс соңында медитация жасап көрейік. (тыныш музыка қосылады)**

Жүрегімізді тауып, екі қолымызды кеудеге тигізіп, оның қалай соғатынын тыңдайық: "тук, тук, тук". Енді жүрегіңіздің орнына кеудеңізде нәзік күннің бір бөлігі бар деп елестетіп көріңіз. Оның жарқын және жылы жарығы денеңізге, қолыңызға, аяғыңызға құйылады. Ол соншалықты көп, ол бізге сыймай бара жатыр. Күліп, бір-бірімізге жүрегіңіздің нұры мен жылуын сыйлайық.

Бүгін жақсы жұмыс жасадыңыздар, әрқашан деніміз сау болсын!



**Бекмагамбетова Мейрамгул Куандыковна,**  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы  
МКҚК 45"Алтын бала"бөбекжай балабақшасы

### **Бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиенің рөлі**

Тәрбие өте жауапты үрдіс болып табылады. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен мектепке дейінгі тәрбие туралы сөз болғанда екі есе жауапты. Ол жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына әсер етуші ретінде бала өмірінің алғашқы айларынан басталады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мақсаты – әр балаға негізгі білім беру, мәдениеттің негіздерін (сенсорлық, ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбиелерін дамыту) қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбиенің міндеттері - физикалық денсаулықты, эмоционалды әлауқатты, интеллектуалды, ерікті дамуды қамтамасыз ету. Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесінде ата-аналардың маңызы зор. Өздерінің мінез-құлқы мен қарым-қатынастары арқылы олар балаға үлгі көрсетеді. Сондықтан отбасындағы жанжал мен ұрыстарды болдырмауға тырысу керек. Сонымен қатар, білім беру ортасы және оның психологиялық қауіпсіздігі мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде мұғалімдер мен ата-аналар осы кең әлемде кішкентай адамның сәтті әлеуметтенуіне ықпал ететін қолайлы жағдай жасауға тырысуы керек.

Әр жаста баланың физикалық, психикалық және әлеуметтік даму деңгейлері болады. Жас ерекшелігі - бұл белгілі бір өмір кезеңіне тән анатомиялық, физиологиялық және психикалық қасиеттер. Жас ерекшеліктерін ескеру басты педагогикалық принциптердің бірі.

Осының арқасында баланың дамуы үшін ең қолайлы күнтізбелік кестені, оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен тәсілдерін анықтауға болады.

Балалардың мектепке дейінгі тәрбиесі баланың болашақтағы жеке тұлғасының - мінезі, қабілеттері, дағдыларының құрылуы мен дамуының негізі, іргетасы десек те болады. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың отбасындағы тәрбиесі өте маңызды, өйткені баланы болашақ өмірге ақыл-ой және психологиялық тұрғыдан даярлау керек, негізгі білім, қарым-қатынас дағдыларына, ең бастысы - махаббат пен қамқорлыққа үйрету қажет. Бұл жастағы балалар әкелері мен аналарына, аталары мен әжелеріне, тәрбиешілеріне және ертегілер кейіпкерлеріне еліктейді. Сондықтан ата-аналар өздерінің сөйлеген сөздері мен ісәрекеттерін бақылауы керек, адамдар туралы жаман сөйлемей, жаман істер жасамауы керек.

Мектеп жасына дейінгі баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру қажет: үлкендерді құрметтеу, құрдастарымен достық қарым-қатынас, басқа адамдардың қайғысы мен қуанышына сәйкес жауап беру, адамгершілік сезімдер мен қатынастардың тиімді көрінісіне қол жеткізу, олардың әлеуметтік бағыттылығы, жауапкершілік бастауларына тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында тәрбиелеудің екі негізгі бағыты бар: - мектепке дайындық; - баланың өмірде оған көмектесуге арналған белгілі бір жеке қасиеттерін дамыту.

Балабақшадағы тәрбие ең алдымен балаларды қоғамда өмір сүруге үйретуге, айналасындағылармен қажетті қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Көптеген ата-аналар баланың балабақшаға бейімделу үрдісінен қорқады. Алайда, педагогтардың тәжірибесі үй балаларын мектеп ұжымында күтетін қиындықтарды жеңіл және ауыртпалықсыз жеңуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - баланың ақыл-ой, дене, адамгершілік және эстетикалық дамуы. Ал тәрбиешінің басты міндеті - балаларға сабақтың әр түрін ұсыну. Бұл музыка, аппликация, еңбекке баулу, сурет, дене тәрбиесі болуы мүмкін. Осылайша, балада бес жеке тұлғалық потенциалы дамиды: танымдық, коммуникативті, құндылық, көркемдік және физикалық.

Балабақшада тәрбиенің түрлі әдістерін қолдану қажетті нәтижеге қол жеткізуге және топтағы балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.



**Әлжанова Анаргүл Әбілқайырқызы,**  
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы  
МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы  
музыка жетекшісі - педагог модератор

### **Эстетикалық қарым-қатынасты музыкалық бейне шығармалар арқылы қалыптастыру**

Мазмұны:

Кіріспе.

1. Эстетикалық тәрбие туралы жалпы түсінік
2. Эстетикалық тәрбие берудің мақсаты мен міндеттері
3. Эстетикалық талғамын қалыптастыру жолдары

Қорытынды.

**Кіріспе**

Бүгінгі таңда еліміздің дағдарыстан дамуға өтіп, даму жолының бастамасы білім саласында мектепке дейінгі мекемеден басталмақ. Сондықтан, балабақшаға оның ішінде музыка ұйымдастырылған іс-әрекетіне көбірек көңіл бөлу керек деген ойды жүзеге асыру үшін мен тақырыбымды «Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру» деп алдым.

Егеменді еліміздің болашағы бүлдіршіндердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі балабақшадан қаланатыны белгілі. Балабақшадан бастап балаларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәриелеу – біздің міндетіміз болмақ. Сондықтан да балабақшадан бастап балалардың жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек.

**Эстетикалық тәрбие туралы жалпы түсінік**

Эстетикалық тәрбиені бала кезеңнен бастау жан — жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты. Әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе. Эстетикалық тәрбие — дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие дегеніміз — еңбектегі, тұрмыстағы, өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауын, түсінуінге тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие — сұлулықты тану, сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, дамытады. Эстетикалық тәрбие — кең ұғым.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты — балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту. Эстетикалық тәрбие міндеттері:

- музыка арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру
- әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие — сұлулық пен дүниенің әсемдігін сезіну — әдемілікті, бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы, бала әлем сұлулығын көре және сезіне алады, сонымен қатар баланың көркем-шығармашылық қабілеттері мектеп жасына дейінгі балалаға эстетикалық тәрбие берудің маңызын анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілетін дамыту — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, ұйымдастырылған іс-әрекетіне енгізудің маңызы зор. Балалардың бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында қарауды қалыптастыру болып табылады.

Мұндағы мақсат – баланы дамыту. Шығармашылық іс — әрекеттерге қатыстыру, сол арқылы әсемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу, сенсорлық әрекетін дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін байытып, бір – біріне жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады.

Эстетикалық тәрбие — дегеніміз баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, ес біле бастағаннан өзі жете түсінбесе де жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтар қызығушылық сезімін туғызады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан бірлігі ретінде қабылдайды. Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты. Музыка жетекшісі баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оған баға беру өмірге қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекшелік- бұл шындықты соншалықты пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін заттың ойын кезінде әсерін бейнелі түрде жеткізе білуіне музыка жетекшісі үнемі көмектесіп отыруы керек. Мазмұнды- рөлді ойындарға тақырыпты, мазмұнды таңдап қана қоймай ізденіс қажет. Мектепке дейінгі балаларда шығармашылық нышандары байқала бастайды, ол өз білімін, ұғымын құрастыра білуінен өзінің ойын, сезімін, шығармашылық қабілетін дамыту үшін оларға үнемі ақыл- кеңес беріп, дұрыс тәрбие үлгісін көрсеткен жөн. Олар өздігінен сөз, ән, би қимылдарын жеткізу тәсілдерін меңгереді. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды қабілетін дамытуда, музыка жетекшісінің жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады.

### **Эстетикалық талғамын қалыптастыру жолдары**

Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде, тұрмыста азық болатын кең ұғым: ол өнердің терең мағынасын ұғынып, тамаша шығармаларды түсінуді қамтиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда үйрету үлкен рөл атқарады. Олар ұйымдастырылған іс-әрекет үстінде балалар көркем әдебиетті, музыкалық, шығармаларымен толық игеруді үйренеді. Балалардың бойында эстетикалық талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және оның жұртқа қуаныш сыйлауы үшін оны мәпелеп күту керек. Балалардың да көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдерін ескере отырып, музыка жетекшісі рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процессінде балалар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды. Осыған орай А.П.Чеховтың: «Адам бойында бәрі де әдемі болуы керек: денесі де, киімі де, жаны да, ойлары да» деген сөздерін еске сақтау

абзал.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту.

Оның негізгі компоненттері:

- Эстетикалық қабылдау.
- Эстетикалық сезім.
- Эстетикалық талғам.

Эстетикалық қабылдау деп - әсемдікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады.

Сезім байлығы - адамның рухани өмірін жоғары дара тарапты дамытудың қажетті шарты. Адам рухани жағынан бай болып, өсімдікті көре біліп, одан ләззат ала білуге тиісті.

Эстетикалық талғам - әсемдікті дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғам немесе көркемдік талғам әрбір адам өзі жасайтын белгілі бір эстетикалық мұратты бейнелейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру үшін балабақшадағы мерекелік, ойын-сауықтардың және музыканың алатын орны да ерекше. Мысалы: Біз балаларды «Алтын күз», «Жаңа жыл», 8 наурыз, 22 наурыз, балабақшамен қоштасу ертеңгіліктерінде қатыстыру арқылы бала бойында әсемдікті, сұлулықты дамытамыз. Балалар музыканы, әнді айту арқылы, бала бойында қуаныш сезімі, сол әнге, музыкаға деген қызығу сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, жазғы уақыттарда біз балалармен ертегілер, сайыстар, спорттық ойын-сауықтар өткіземіз. Балаларды осындай іс-шараларға қатыстыру арқылы достыққа тәрбиеледік. Бұндай балабақшадағы мерекелер бала есінде көпке дейін қалады да, эстетикалық талғамын қалыптасуына жақсы, оң әсерін тигізеді. Балаларды жаңа қырларын табу арқылы, қуанта отырып, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады, әсемдікті сезінеді. Өз ойын жеткізе біледі, қиялын дамытады, мінез құлық мәдениеттілігін қалыптастырады, шығармашылығы дамиды.

Қорыта айтқанда, "Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек" деген белгілі педагог К.Д.Ушинский көрегендігі педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық, эстетикалық талғамын тығыз қарым - қатынасты екендігін дәлелдеді. Эстетикалық талғамын мектеп жасына дейінгі балаларды әсемдікке, адамгершілікке, ұқыптылыққа, сыпайлыққа үйретеді. Ал осы жоғарыда аталғандарды біз музыка ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде жүзеге асыра аламыз. Балаланың күнделікті өмірінде осы аталғандарды жүзеге асырып отыру қажет сонда ғана, бала әсемдікті көре білетін, адамгершілігі мол, ұқыпты болады. Балабақша музыка жетекшілері эстетикалық талғамын кітап оқу, ән тыңдау, би өнері мен музыкалық аспаптар өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Музыка жетекшісі эстетикалық талғамын балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады.



**Кунжарикова Гульсим Чапаевна,**  
Ақтөбе қаласы  
МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
тәрбиеші  
педагог -зерттеуші

### **Балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру**

Ойын – баланың қажетті негізгі іс - әрекетінің бірі. Ойын арқылы бала білім алуға, оқуға қызыға отырып, дамуы қалыптасады. Жалпы, қарапайым ойын ойнату арқылы баланың ойлау қабілетін арттыру, баланың зейінін, есте сақтау, ойлау, қабылдау, яғни жалпы танымдық қабілеттерін дамытуға болады. Кез келген баланың даму мәдениеті ойын арқылы жүзеге асырылады. Кез келген **мектепке дейінгі мекеменің басты мақсаты мен міндеті** балалардың қызығушылықтарын арттыру арқылы білім беріп, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет.

Ойын негізінде балаға ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, өзінше шешім жасап, өз ойындағысын айтуға мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемінде ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің: танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады.

Ұжымдық ойын балалардың өзара сөйлесуін, пікірлесуін, ойынның мәнін нақтылауын талап етеді, мұның өзі баланың тілін дамытуға, ақыл-ойын өрістетуге әсерін тигізеді, тіл мен ойдың бірлігін өсіреді»-деп тұжырымдайды. Тәжірибелерден байқағанымыздай, баланың ойын үстіне қол жеткен табыстары мен одан алатын әсері, жаңа білімге деген қызығушылығын арта түсетіні, ойын арқылы баланың қажетсінуінің артатыны, түрлі ойыншықтар жасауға деген және жаңа өлең-тақпақтар білсем, ертегілер айтып берсем деген ықыласының өсетініне нақты дәлелдер анық.

Ойынның мақсатына жету үшін бала ақыл-есін аянбай жұмсап, шамасы жеткенше тапқырлық пен табандылық көрсетуге бар ынта-жігерімен ұмтылады. Ал мұның өзі ақыл-ойды дамытумен қатар баланың сөздік қорын да көбейтеді. Ойыншық баланың түрлі бейнелер жасауына және орындайтын рөлдерін дұрыс көрсетуіне көмектеседі, сол арқылы заттардың қасиеттерін таниды. Бала ойынының мазмұны әр түрлі әсерлерінің ықпалына байланысты құрылады, мысалы, ертегі-әңгімелер негізінде, отбасында, балабақшада алған әсерлері бойынша құрылады. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ахмет Жүнісовтың айтуынша «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-

тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен».

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»

Белгілі психолог **Л.С. Выготский**: «Қандай да бір оқыту үшін тиімді, яғни өте бір қолайлы мерзімдер болады. Олардан не жоғары, не төмен талапты ауытқу, яғни тым ерте, не болмаса тым кеш оқыту мерзімдері баланың ақыл-ойының даму барысында қолайсыз әсерін тигізеді» деген.

Мектепке дейінгі балалардың жасы мен мен психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, тәрбиелеу жұмыстарында түрлі әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын қолданып, ойын түрінде ұйымдастыру нәтижелі болмақ. Ал, осы талаптағы жұмысты іске асыру әр тәрбиешінің шығармашылық ізденістері мен шеберлігін қажет етеді. Балаға алғашқы білім беру, тәрбиелеу жұмыстары барысында түрлі әдіс-тәсілдерді ойын түрінде үйлестіре қолдану, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту арқылы баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға болады. Мысалы, мынандай **логикалық сұрақтар** қолдануға болады:

1. Түнде жаңбыр жауғаннан кейін күн шыға ма? (*шықпайды, өйткені түн*)
2. Күзетшінің басына торғай қонып отыр, күзетші не істеп отыр? (*Күзетші ұйықтап отыр*)
3. Теректе 5 алма өсіп тұр, Айжан екеуін үзіп алды. Теректе неше алма қалды? (*Теректе алма өспейді*)
4. Аспанда үш тауық ұшып жүр еді, аңшы екеуін атып алды, неше тауық ұшып жүр? (*Тауық биік ұшпайды*)

Балалардың бір орнында ұзақ уақыт отырып қалмауын, жалығып кетпеуін ескеріп ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ойын түрінде ұйымдастыру (қимылды- әуенді ойын-жаттығулар, қимылды-қозғалыс барысындағы тапсырмалар, шағын топтар жұмысы, тапсырмаларды алма-кезек ауыстырып орындату, эстафеталық ойын барысындағы тапсырмалар және т.б) беру қажет. Логикалық ойлау қабілеттеріне арналған тапсырмаларды (жұмбақ суреттер, ситуациялық тапсырмалар, тест тапсырмалары, ертегі негізіндегі тапсырмалар және т.б) түрлендіре қолдануға болады. Ойын ұйымдастыру барысында балалардың өздерінің талаптануы, өзіндік қалауы еркіндігіне жағдай жасап өзіндік іс-әрекеттерді орындау, бастаған жұмысты аяқтау іскерліктеріне, өз ойларын еркін жеткізуге және көмекті қажет ететін балалармен жеке жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Сонымен қатар психологиялық ойындар, жаттығулар қолдану арқылы балаларға жан-жақты жағдай жасау, жағымды микро ахуал туғызу қажет.

Қазіргі заман инновациялық қызметі - балабақшада балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуі педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі.

Біздің №62 «Нұрсәуле» балабақшасында педагогикалық ұжымның алдында оқу-тәрбие үрдістерінде жан-жақты ізденіс жұмыстарын жүргізу, балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, мектепке дейінгі балалардың құзыреттілігіне сай дамыған жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу мақсаты алға қойылған.

Бүгінгі күн талабына сай баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру үшін ойлаудың дамыту түрлерін қарастырып, **ойлауды**

**дамыту үрдісін төмендегідей бөлдік:** - ойлаудың барлық түрлері мен формаларын дамыту (көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, практикалық іс-әрекеттік);

- ойлау амалдарын қалыптастыру және жетілдіру (талдау, салыстыру, жалпылау, топтастыру) т.б;

- заттың белгілерін ажырата білуін дамыту;

- қоршаған орта құбылыстары мен заттары, қатынастары мен маңызды байланыстарын табу;

- өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу (өз ойын анық, жүйелі түрде баяндау);

- ойлау тәсілдері мен амалдарын бір саладан екіншіге көшіре білу;

- құбылыстың дамуын көре білу, қорытынды жасау.

Мысалы, «Не артық?» ойынында артық затты ажыратып анықтаса, «Үлкен-кіші қайсы?» ойынында салыстырып өтеді, ал «Жемістер мен көкөністер» ойынында жемістерді жеке, көкөністерді жеке-жеке топтастырады Заттың түріне, түсіне, пішініне, қасиетіне қарай (қатты-жұмсақ, жеңіл-ауыр т.б) заттың белгілерін анықтауға болады. Мысалы, «Түсіне қарай ажырат» ойынында тек бір түсті заттарды жинақтаса, «Пішіні ұқсас заттарды тап» ойынында пішіндеріне ұқсас заттарды іріктейді. Қоршаған орта құбылыстары мен заттары, қатынастары мен маңызды байланыстарын табуға жыл мезгілдерін атау, оның ішінде ай аттары мен апта аттары, тірі табиғат (жануарлар әлемі мен өсімдіктер); өлі табиғат (тау, тас, су, құм т.б.) жатады.

Қоршаған орта, табиғат пен оның құбылыстары, тірі табиғат пен өлі табиғат туралы түсінік, сонымен қатар өсімдіктер мен жануарлар туралы балалардың білімдері көбейіп, ақыл-ой қабілеттері дамиды. Мысалы, «Бұл қай жыл мезгілі?» ойынында жыл мезгілінің сурет бойынша анықтап, салыстыра білуге үйренеді, яғни құбылыстар арасындағы байланысты көріп, өз ойын жеткізе біледі. Өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу жолдарына өз ойын анық айта білу; сурет арқылы зейінін дамыту; сөйлемді жүйелі түрде құрастыра білу жатады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте әртүрлі логикалық ойын элементерін қолдану арқылы бала өз ойын анық жеткізе біледі. Берілген сурет, карточкалар бойынша тапсырмаларды орындау арқылы есте сақтау қабілеті артып, зейіні дамиды, ойлау қабілеті артып, сөйлемді жүйелі түрде құрастыра білуге үйренеді, яғни өз пікірінің дұрыстығын дәлелдейді. Ойлауды дамыту – оның мазмұны мен формасын өзгерту болып табылады. Ойлаудың барлық түрлері мен формалары үш түрі қарастырылады: көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, практикалық іс-әрекеттік. Көрнекі - бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйенуі арқылы бейнеленеді. Заттарды көрнекіліктер, яғни тапсырмалар, үлестірмелі материалдар, жұмыс дәптерлерін қолдану арқылы бала логикалық ойындар ойнай отырып, сөзбен өз ойын жеткізіп, іс- тәжірибесінде қолданады, яғни ойлау қабілеттері дамиды.

Ойлау формаларын қолдану арқылы балалардың танымдық қабілеттерін басшылыққа ала отырып, балаларға **әсер етуде мынандай әдіс-тәсілдерді есте сақтаған жөн:**

- балалармен бірдей ынтымақтастықта болу;

- балалар ойынды ересек адамсыз ойнай алмайды;

- кейбір балаға қалай әсер ету керектігіне күмән туса, тоқтай тұру керек;

- балаға жағымсыз, қарсылық туғызу мүмкін әрекеттерді болдырмау;

- баланың қолынан келмегенін және кемшілігін айтпау;

- баланы күштеп көндіруге тырыспау керек;

- баланың іс-әрекетіне, қылығына, берілетін бағаны есте сақтау қажет.

Баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленіп және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалды, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды – деп ой түйіндейміз.



**Кушанова Ботагоз Биршинбаевна,**  
Ақтөбе қаласы  
МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
тәрбиеші  
педагог-модератор

### **Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі**

**Кілт сөздер:** *«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».*

*В. А. Сухомлинский*

Кенестік педагог А. С. Макаренко «Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі ойыннан тұрады» деген пікірін өз еңбектерінде атап өткен. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

**Ойын** – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады».

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде

балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі.

Бір дегенім – білеу,  
Екі дегенім – егеу,  
Үш дегенім – үкі,  
Төрт дегенім – төсек, т.б.

Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян,  
Қорқақ кім? (қоян)
2. Тұмсығымен шымшып,  
Құрт тереді ... (шымшық)
3. Бата алмас түлкі,  
Үсті тікен .... (кірпі)

4. Өңеші кең таңдайын,

Дөнге тосты ... (комбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Сабақта балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген екен. Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

2. *Балалардың танымдық үрдістерін ойын арқылы дамытудың маңыздылығы*

**Ойын** мектеп жасына дейінгі балалардың ең басты іс-әрекеті болып табылады. Атап айтқанда ойын арқылы балалар өмірді таниды, ойын оларды үлкен өмірге дайындайды. Сонымен қатар баланың шығармашылық дамуында маңызы өте зор. Ойын мәнін балалық шақтан есейген шаққа өтетін көпір ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетінің дамуы үшін, тәрбиелеу үшін де ойынның мәні өте зор. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма» деп халқымыз айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмір таным, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін – оқу, ойын олар үшін – еңбек, ойын олар үшін – тәрбиенің мықты формасы.

Ойын - мектепке дейінгі балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі. Тәрбиешінің негізгі міндеттерінің бірі - бала ойынына басшылық ету, мазмұнды-рольдік ойындарды қадағалау, тәрбиелік мәні бар ойындар ұйымдастыру. Сонымен бірге әр баланың шығармашылық бастамасын, көңілдегі ойды өздігінен жүзеге асыра білуін, ойынның мазмұны мен шартына сәйкес өзін-өзі ұстай білу қабілетін, жолдастарына сыпайы, достық ықыласпен қарау сезімін дамыту болып табылады. Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы. «Дукен». «Аурухана». «Ұшқыштар». «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.б болып ойнайды

Ойынның сюжеті, мазмұны - бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды, мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым қатынастарын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір.

А) Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты - ойын. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық- денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.

Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру-бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады.

Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші

баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады.

Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану — бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды.

Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.

Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.

Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытудағы мақсат:

— балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту

— қиялдарын ұштау

— тапқырлыққа жетелеу

— қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер:

— балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету

— логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

— балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынадай: «Зандылықтар», «Нені отырғызу керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табыңдар?», «Әзіл жұмбақтар», «Логикалық есептер», «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады.

Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденімпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Мектепалды даярлық, балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты- бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан мектепалды даярлықта балалардың ой — өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлануға сүйенеді,- дейді Ғ. Жолтаева.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз.. Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті.

Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл –ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырымдау логикалық амалдарынан тұрады. Ойлаудың осы амалдарын қолдана алуынан балалардың оқу әрекетінің жемісі көрінеді. Бұл жөнінде М. Жұмабаев: «Ойлау — жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек»- деген.

Ойын әрекеті - өзіндік әрекет. Педагогикада өзіндік жұмыс өз алдында жеке тұрып оқыту ұсталған бола алмайды. Ал баланың ойын үстіндегі өзін - өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шашығуы, шындалуы, оның ақыл - ойын, дене еңбегіндегі белсенділігін арттырып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік -қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылысын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде балалардың өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы қажеттілікке ұласады. Атап айтқанда, білім алудағы бала белсенділігі мен білімді игеруге деген санашылық (пен) ұстанымы бала дербестігін туғызып, өздігінен оқу білім алу дағдысын қалыптастырады.

Бала бала-бақша қабырғасында, бала-бақшадан тыс ұйымдарда ұжым арқылы білім айғағынан, ол әрдайым өз алдында дербес тұлға арқылы іске асқанымен, ойынға қатынасқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Адамның қандай әрекеті болсын қоғамдық әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Бала өзінің қажеттігін өтеу үшін, ішкі талаптарын қанағаттандыру үшін белсенді әрекет жасайды. Баланың ойын әрекеті оның ақыл - ой, дене дамытуы үшін қажет. Баланың ойын әрекетіндегі белсенділігін дұрыс бағалап, ойын іс - әрекетінде оның белсенділігіне, білім алуға, қажетті оқумен дағдыны меңгеруге және оларды күнбе - күнгі тәжірибиеде, өмірде пайдалана білуге үйренуге баланың саналықпен істейтін әрекетіне ұластыруы шарт.

Бала белсенділігі негізінен екі түрлі: сыртқы және ішкі белсенділіктен тұрады. Сыртқы белсенділігі көбінесе ойын арқылы, қимыл, қозғалысы, әсіресе өмірлік әрекетіне байланысты болып келеді. Баланың ішкі белсенділігіне оның ойлау әрекетіндегі белсенділігі жатады.



**Қарашина Ақзерен Бөгетбайқызы,**  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы  
МККҚ № 45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
Тәрбиеші  
педагог-тағылымдамашы

### **Балалардың тілін ойын арқылы дамыту**

Бала жастайынан сөйлеу және іс-әрекет дағдылары арқылы дамып, жетіледі. Ең алғашқы балалардың саналы түрде дамуына ойын әсер етеді. Баланы қызықтырып, талпындырып, жан-жақты дамыту балабақшадан бастау алады. Қазіргі кезде техниканың өрлеп, цифрландырудың етек жаюына байланысты 3 жастан бастап балаға санауды, ән айтуды, үш тілде күнделікті сөздердің аудармасын үйретуді көпшілік ата-ана қолға алған, нәтиже оңтайлы. Бұндай жеңіл қадаммен үйрету жолдары ойын арқылы, қызықтыру арқылы жүзеге асатыны белгілі.

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес», -деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын бала үшін өмірге деген үлкен қадам сияқты. Жалпы ойын арқылы баланың зейіні ашылады, өзін-өзі басқаруы, жауапкершілігі, тәрбиелігі, ұйымшылдығы, ынтасы артады.

Бала қоршаған ортаны шетінен тани бастайды, бірден барлық нәрсені ұғына алмайды. Күнделікті үйде, ата-ана жанында, көшеде, балабақшада көріп, ұстап біртіндеп тәжірибесі мен жаңа нәрсені үйренуі жиілейді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзін қоршаған ортамен танысуға өте бейім. Қоршаған ортамен танысу баланың әр түрлі сұрақтарды қоюына себеп болады. Әрбір нәрсе бала үшін қызық бола бастаған сайын, баланың көп білгісі келеді. Ойын-баланың бірінші әрекеті, сол үшін ойынның балаға қызығы мол. Қазақ халқының біртуар, дана азаматы Абай атамыз айтқандай: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»

Мектеп жасына дейінгі баланың сана-зейіні тұрақсыз болып келеді. Күнделікті бір жұмыс, бір ойын оларды тез жалықтырады. Сол үшін баланың зейінін үздіксіз дамытып отыру қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу барысында берілген білімді ойынмен жүргізу баланың тез білім алып, санасын қалыптастыруына ықпал жасайды. Ойын арқылы баланың жеке қабілеттері қалыптасады. Баланың ойын барысында қуанып, ренжігені, психологиялық ерекшелігі көрінеді. Ойын кезінде баланың ерекшелігі мынандай: бала ойланады, эмоциялық әсері пайда болады, белсенділік қалыптасады, қиял елестері мен ерік қасиеттері дамиды, осы жолда баланың шығармашылық қасиеті де арта түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың көрген-білген, үйренген нәрселерін ойын кезінде аңғаруға болады. Ойын айналадағы кейіпті бейнелейді. Ойын арқылы балалар көпшілікпен араласуды, сезімін жеткізуді үйреніп, дүниенің кезекті қызықтарын таниды. Ойын арқылы оқыту ерте кезден қалыптаса бастады.

Дидактикалық ойындар 3-ке бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Аталмыш ойындар балабақшадан сәбилер тобынан бастау алады. Бұл топтағы балаларға жеңілдеу сатылардан бастап ойын түрлері ойнатылады. Балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, сипап сезіп, көзімен көріп ойнайды. Түр-түсіне қарап, сүйікті ойыншықтарын анықтайды, және де жалыққанша сол ойыншықтың иесі болғанды қалайды. Ал, жоғарғы топтарда дидактикалық ойындар керісінше күрделеніп жүргізіледі. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы ойын әрекетін дамытамыз. Дидактикалық ойынның кез-келген түрі баланың ойлау, қабылдау, есте сақтау, зейінін арттыру, өзін-өзі бақылау, салыстыру сынды әрекеттерін қалыптастырады. Ол үшін ойнататын ойын түрлері үнемі үздіксіз жаңаланып, қызықтырылып отыруы тиіс. Дидактикалық ойындады дұрыс ұйымдастыра білу қажет, және де ойынға керек құрал-жабдықтар жеткілікті болуы шарт. Сонда ғана балаға ойын түрлері қызықты әрі жауапты болады.

Дидактикалық ойын түрлері төмендегідей заттармен ойнатылады:

1. Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар;
2. Заттық ыдыстарды қолдану арқылы ойнатылатын дидактикалық ойындар;
3. Заттық жеміс-жидектерді қолдану;
4. Заттық үй жануарларын пайдалану;
5. Үстел-үсті дидактикалық ойындары.

Аталған барлық ойын түрлерінің өзіндік ережелері мен көрнекіліктері бар. Бұл ойын түрлері арқылы балалар жан-жақты дамып, бойында шығармашыл адамды қалыптастырады.

Балабақшаға баратын бала мен бармайтын баланың арасында осындай айырмашылықтар айқын көрініс табады. Көпшілік арасында жетілген бала қашанда көпшілік, шығармашыл болып келеді. Балабақша-мектеп жасына дейінгі балаларды-тілін дамыту, сөздік қорын молайту сынды іс әрекеттерге баулыса, ал мектеп бала үшін одан кейінгі саты. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі, баланың сөйлеуін дамытудың ең негізгі жолдарының бірі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізу арқылы, оларды біз қоршаған ортамен таныстырып, заттардың атын атауға, түр-түсін ажыратуға, пішінін, құрылысын тануға үйретеміз.

Баламен тілдік қарым-қатынас құру арқылы баланың тез әрі қатесіз сөйлеуіне жағдай жасаймыз.



**Молдан Ақмоншақ Бахбергенқызы,**  
Ақтөбе қаласы  
№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы  
тәрбиеші  
педагог-модератор

### **Дидактикалық ойындар – баланың ойын дамытудағы басты құрал**

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» — деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады (сезіну, қабылдау, зейін қою, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегідей қуаныш пен реніш сезімінде болады. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан басталады, оның негізгі болашақ өмірінде жалғасын табады. Ойын арқылы бала жеке адам ретінде дами түседі.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың ой белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыту қажет болып отыр. Ал, дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті атқарады. Ойынның мақсаты- бағдарламада анықталған пәндер бойынша білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қайталау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру

кезінде, яғни ұйымдастырылған оқу қызыметінің кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұластырып ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Осы шарт орындалған жағдайда дидактикалық ойын шын мәнінде балалардың ойын жетілдіре оқыту әдісі өз деңгейіне көтеріледі. Алдыма келген бұлдіршіндерді заман талабына сай тәрбиелеудің жолдарын іздестірдім. Қай тәрбиешіні болсын алаңдататын бір жәйт ол баланың дербестік іс-әрекеті, баланың ойын дидактикалық ойындар арқылы дамыта білу қабілеті.

Баланың ойын дидактикалық ойындар жұмысына баулып, олардың ойынға белсенділіктерін, қызығушылығын дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мыналар:

1. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (құрастырмалы ойындар, қозғалмалы ойындар, сергіту ойындары тағы басқалар)
2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытта жұмыс, қиялдау ой арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп ойнату, ойын балалардың ойлау қабілеттерін арттырады.
3. Әр бөлімінде халқымыздың ұлттық ойындарын қолданамыз.
4. Мазмұнды суреттер бойынша әңгіме құрастыру, шығармашылық қабілеттерін, көз зерделерін, есте сақтау қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруымыз керек:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.
4. Ойынның жүру барысында балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің материалдары оқу қызметінің мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану оқу қызыметінің әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Соның ішінде дидактикалық ойындар балалардың ынтасын, белсенділігін арттырып, оқу қызметінде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында балалардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, топ балалары арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Ойын баланы іздену жолына бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, ал осыдан шыға келе олар жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, ойын шартын сақтап отырып тапсырмаларды нақты орындауға тырысады. Ойындарда, әсіресе топтық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік сезімдері қалыптасады, тәртіп, күш-жігер, мінез – құлық тәрбиеленеді. Көрнекіліктердің әдістері, сұрақтың қызық та, тиімді түрлері, жұмбақтар, әзіл есептер, ахуал жағдайлары, сайыстар балалардың белсенді ойлау әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында бала ойы үнемі дамып, жетіліп отырады, ұшқырлана түседі.

Қорыта келгенде, ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын баланың физиологиясын дамытып, сонымен қатар тілін

дамытуда үлкен рөл атқарады. Ойынның әрбір түрінің өзіндік мақсат-міндеті, бағыты болады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлу ең негізгі өзекті мәселе болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру педагогтің басты міндеті болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалина Ш.Х., Сәрсенбаев С.Ш. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар. Алматы, 1997ж.
2. Ақбай Н.Е. Кел, балалар, ойнайық. Алматы, 2006ж.
3. Әмірова Ә. Дәстүрлі тәрбие. Арда. Алматы, 2006ж.
4. Еденбаева З.Д. Ойнайық та ойлайық. Рауан. Алматы, 1995ж.
5. Қаженбаева А.Е. «Бала танымын ойынмен дамыту» Отбасы және балабақша, 2002. №1, Б- 9-10



**Оразалина Асем Алпамысовна,**  
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы  
МКҚК № 45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
тәрбиеші педагог

### **Ұлттық тәрбиенің құралы – халық педагогикасы**

Жалпы, википедияда халықпедагогикасына нақты анықтама берілген. Халықтық педагогика – халық арасындағы тәрбиенің мақсаты мен міндетін халық арасында үстем болған көзқарастардан, тәрбие мен оқытудың халықтық құралдары мен іскерлік, дағдылардың жиынтығынан көрінетін эмпириялық педагогикалық білімдер мен халық бұқарасы тәжірибесінің алаңы. Халықтық педагогикалық зерттеудің көзі педагогика мазмұнды және сол бағыттағы ауыз әдебиеті, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие материалдары, ойындар, ойыншықтар, халықтық және жастар мерекелері, отбасылық тәрбие тәжірибесі және т.б. Ендеше ұлттық тәрбиенің құралы болып табылатын халық педагогикасының қыр-сыры мен бала тәрбиесіндегі рөлі қандай? Осы және басқа да түйінді түйткілдің мәні неде?

Міне, күн өткен сайын технология дамып, жаһандану дәуірінде халық педагогикасының мәні мен маңызы жоғары екендігін көптеген ұлт пен ұлыс түсіне бастағандай. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп данышпан ғұлама Әбунасыр Әл-Фараби айтқандай, қазіргі білім беру мекемелерінің мамандары халық педагогикасының мақсаты мен міндеттері: сегіз қырлы, бір сырлы, жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу екендігін зерттеп, зерделеп жүр. Сондықтан да бөбекжай-бақшаларда бала тәрбиесінде ұлттық педагогикаға басты назар аударады.

Халық педагогикасындағы ақыл-ой, идеясы қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрлерімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, жалғасын тауып отырған. Мәселен, бірде-бір ел өзінен бұрынғы адамзаттың тәжірибесінсіз өмір сүрген емес. Өйткені, халықтық педагогика – бала тәрбиесінің жетілуі, ана тіліміздің өрісінің кеңейту, білім беру саласынан кеткен кемшіліктерінің орынын толтыру, ұлттық идеологиямызды нығайту құралы болмақ. Атабабаларымыздың сан ғасырлық тарихи, мәдени жетістіктерінің жемісін, рухани байлығын, жанына біткен еңбек сүйгіштігін, отаншылдық, имандылық, бауырмалдық, қонақжайлық қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәрбиесі мол. Ықылым заманда-ақ, пәлсапалық жырлары мен өлеңдері, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері, аңыз әңгімелері мен ертегілерінің тәлімгерлік маңызы зор. Жалпы, қазақ этнопедагогикасын ғылыми жүйелесек, мынадай сызбасы шығады.

1. Халық педагогикасының мақсаты мен міндеттері: қыр-сырлы жетілген, жан-жақты азамат тәрбиелеу;

2. Мазмұны: ұлттық салт-дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

3. Әдістер: әңгімелесу, кеңесу, түсіндіру, сендіру, талап ету, кеңес беру, үйрету, көрсету, өтіну, бұйыру, жаттықтыру, бата беру, мадақтау, алғыс айту, сөгу, айыптау, жазалау;

4. Түрлері: ойындар, тойлар, еңбек мерекелері, ойын-сауықтар;

5. Құралдары: санамақ, жаңылтпаш, өлең-жыр, тақпақ, жұмбақтар, айтыстар, мақалмәтелдер, шешендік сөздер, ырым-тиымдар;
6. Нәтижесі: жан-жақты өнерлі, білімді, тәні мен жаны сау адам;
7. Тәрбиеге себепші күштер: табиғат, еңбек, тұрмыс, салт-дәстүр, дін, ана тілі, ұлттық ойындар;
8. Тәрбие ортасы: отбасы, ауыл-аймақтар, ру, қауым, тайпа, ұлт, мектеп, медресе, қауым;
9. Тәрбие объектісі: бала;
10. Халық тәрбиешілері: әке-шешесі, атасы мен әжесі, апа, ағалары, ауыл үлкендері, өнер иелері.

Ал, қазақ халқының халықтық педагогикасының алғашқы кезеңі ХІХ ғасырдың екінші жартысы. Халқымыздың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, батыс зерттеушілерінің, саяхатшы, этнограф ғалымдарының қолжазбалары десек, ХХ ғасырда бұл істі ғылыми тұрғыда жалғастырған Ә.Диваев,

А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов т.б.болды. Яғни, бұл кезеңді қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде туып, қалыптасу кезеңі деп қараймыз.

Десе де, қазақ халқының халықтық педагогикасы сонау ерте заманда-ақ басталған. Мәселен, орыс ғалымы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек», - деген. Міне, сол секілді қазақ халқының этнопедагогикасы ертегілері, мақал-мәтелдері, жұмбақтар мен ұлттық ойындары, салт-дәстүрлері және т.б. Мысалы, бала тәрбиесімен байланысты: шілдехана өткізу, сүйінші сұрау, балаға ат қою, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу. Жалпы, тұрмыс-салтқа байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің бәрінде халықтың арман-тілегі, ойпікірі, келешек ұрпаққа айтар өсиеті көрініс беріп отырады.

Демек, халық педагогикасы ғасырлар бойы өмір тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәжірибесіндегі дәстүрлердің жиынтығы. Сондықтан да ұлттық тәрбиенің ең алғашқы құралы – халықтық педагогикасы. Ол балалардың жақсы мінез-құлығын, адамгершілігін, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атақарады.



**Шуёншалиева Нургуль Аметовна,**  
МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақша  
тәрбиешісі

### **Жас ұрпақтың рухани – адамгершілік тәрбиесі**

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының мақсаты – жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру. Жаһандану процесінде жастар арасында әлеуметтік тоқырау, яғни саяси және қоғамдық өмірден алшақтау, отбасылық өзімшілдік мінез көрсету, адамгершілік құндылықтар дағдарысы, шындықтан, адалдықтан бас тарту, зорлық-зомбылық сияқты құбылыстар, дәстүрлі емес діни ұйымдардың жастарымыздың санасына әсер етуі, жастардың маскүнемдік, нашақорлық секілді залал дүниелерге құмар болуы, ауыр қылмыстар жасау, адамгершілікке жатпайтын қылықтар кеңінен етек жаюда. Міне, сол себептен де жас ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына байланысты, біріншіден бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында адамгершілік тәрбиесінің өзекті болғанын, екіншіден, философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасай келе, адамгершілік адамның тұлғалық құрылымында ең алдымен өзін танып білуі, олармен қарым – қатынасы адамгершілік тәрбиенің бір қыры, үшіншіден, қазіргі әлеуметтік жаңа орта жағдайында адамның адамгершілік тұлғада қалыптасуы өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, оның жанды саласы – мектептің алатын орнының маңызы зор. Адамгершілік тәрбиесі негізінде шыдамдылық, жомарттық, әдептілік, ізгіліктілік; адамдар арасындағы өзара сыйластық, өзара жәрдем және жолдастық, үлкенге сый, кішіге қамқорлық, әйел және ер арасындағы құрметтеу қатынасы; өзіндік тәртіптілік, өзіндік қадағалау, өзіндік басқарым, өзін өзі тану, өзін өзі реттеу қабілеттері қалыптасады. Әр адам өзі қалаған әдет қылықтарды ардақтау арқылы өз адамгершілігінің дамуына ықпал жасауы мүмкін. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Халқымыздың осы ұлағатты сөздерін естіп өскен ұрпағымыз өз бойына адамгершіліктің, сыйластықтың нәрін сіңіріп өседі. Қазақ ауылы тәрбиенің тұнып тұрған ортасы десем артық айтпаған болар едім. Кішкентайым ыздан ата анамыздың ауыл ақсақалдарын құрметтеп, әрқашан төрден орын беріп, бірінші барып амандасып жатқанын көріп жүрміз. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Балаға жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ

тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жанжақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеубіздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздардан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаев «... Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады. Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.

Қазіргі таңда мұғалім болу, тәрбиеші болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп, әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емес. Я.А. Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес». Балалардың санасы мен мінез құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К. Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес» деп жазды. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік қайраты күшті, мінезге бай жасөспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Мұғалімнің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек. Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан

ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің «Өзіңнен өзінді ізде, өзіңе өзің бағын, өзінді өзің тани біл» дегеніндей, әр мұғалім өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А. Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. Демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады» деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Мен адам бойындағы рухани құндылықты, адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік секілді қасиеттерді жоғары бағалаймын. Бойынан осындай қасиет табылған адамды рухани жағынан бай адам деп есептеймін.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
2. Құрманбаева М. Тұлғаны руханиадамгершілікке тәрбиелеу. – Бастауыш мектеп, №1. 2005.
3. Әмірәлиев Ш. Рухани байлық-өмірден. – Қазақстан мектебі, № 11-12, 1992.
4. Утебаева А. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат. – Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика. – Алматы, 2004
5. Құрамналина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Илясова Р. Педагогика. – Астана, 2007.
6. Бастауыш мектеп, №9, 2005.
7. Бала тәрбиесі, № 2, 2006, № 4, 2008.
8. «Өзіндік таным» № 2 2007, № 5-6 2006.
9. Бастауыш мектепте оқыту. № 4, 2007.
10. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. - Орынбор, 1924.
11. Сатыбаев С Халық әдебиетінің тарихы негіздері — Алматы, 1992.
12. Баймұратова. Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау. Алматы: Шартарап, 2000.
13. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы, 2004.



**Ермагамбетова Шынар Жумабековна,**  
МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақша  
тәрбиешісі

### **Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны**

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны. Баяғыда Жапониядағы бір ұстаздан шәкірттері білім алудағы басты мақсат не екенін сұрапты. «Ертең бәріміз тауға серуенге шығайық. Сонда түсіндіремін. Жолға тамақ алындар, бірақ су қажет емес, барған жағымыздан табылар» дейді. Ертеңіне серуенде жүріп, ауқаттанып алғаннан кейін балалар шөлдегендерін айтқаннан соң ұстаз су көзін таба алмай қалғанын мәлімдеп, өздеріне су іздеуге кеңес береді. Түсте кеткен шәкірттері қас қарайғанда оралды. Шөлдерін қандырып, мәре-сәре болып келген шәкірттеріне қарап «Бүгін шаршап-шалдыққандарыңызға қарамастан, өз беттеріңмен ізденіп жүріп, су таптыңдар. Біздің міндетіміз – сендердің өз беттеріңше еңбектенулеріңе жағдай жасау. Ішіңіздегі бір-екі бала маған арнайы су алып келіп, адамгершіліктерін танытты. Ал басты мақсатымыз – жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу», деген екен. Елімізде қолға алынып жатқан білім реформасының да басты мақсаты осы хикаяға саяды. Нақтылап айтсақ, енді мектепте бұрынғыдай мұғалім 45 минут бойы сөйлеп, сабақты тәптіштеп түсіндірмейді. Ол тек оқушының өз бетімен оқып-ізденуіне жағдай туғызатын болады.

Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады».

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан – жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматын білім беру сана әлеуеті жоғары дамыған, сын

тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу.

«Оқу инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады.

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс - тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Ұстаз ретінде оқытып жүрген оқушыларымыздың ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс - тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келеміз. Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады.

«Әлем шарлау» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар алған білімдерін бір - біріне түсіндіріп, жауап бергенде бір - бірін тыңдады. «Топтастыру» стратегиясы арқылы сұрақ қойған кезде оқушылар бір нәрсе туралы ойындағы негізгі қажеттіліктерін, білетіндерін, білгендерін топтады. «Кубизм» стратегиясы аясында оқушылар сұраққа жауап бергенде ұғымды жан - жақты, әр қырынан салыстырды, анықтады, зерттеді. «Рөлдік ойыны» барысында бір - біріне сұрақ қою арқылы тілдері жаттығып, образдарда ойнауға үйренді. «Венн диаграммасы» бойынша қойылған сұрақтарға топтар екі жаңа ұғымды салыстырды, екі ұғымның ортақ қасиеттерін таба алды. «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде оқушылар жаңа ұғымның өзіне тән ерекшеліктерін, қасиеттерін, қызметін, маңызын танып анықтайды, зерттейді. «Фишбоун» тәсілін қолданғанда оқушылар белгілі бір мәтін бойынша берілген сұрақты жан - жақты қорытындылап жауап берді. «Тұжырымдамалық карта» бойынша оқушылар берілген тапсырмаға нақтылап, қорытынды жасап, зерттеп жауап берді. «Алты қақпақ» тәсілі бойынша топтар мәтінді әр қырынан салыстырып, зерттеп, талдап жауап берді. «Ыстық орындық» тәсілі аясында оқушылар бір - біріне сұрақ қою арқылы тақырыпты жан - жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойланып жауап берді. «Блум таксономиясы» бойынша сабақты қорытынды жасағанда қойылған сұрақтарға топтар білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау аясында жауап берді. Қорыта келгенде, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтыласын арттыруға үлесімді қосудамын.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.



**Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызы**  
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы МКҚК  
№ 45 "Алтын бала" бөбекжай балабақшасы  
тәрбиеші педагог -модератор

### **Мектепке дейінгі ұйымда ойын іс-әрекетін ұйымдастырудың маңыздылығы**

Мектепке дейінгі балалық шақ - жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың бастау алар ерекше, құнды да қайталанбас кезеңі. Сондықтан бала бойындағы бар жақсы қасиеттер мен қабілеттерді осы бастапқы кезеңде ашу мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген. Осы міндеттерді жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үрдісін ұйымдастыруда ойынның орны ерекше екендігін баса айтуға болады.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ретінде табиғи заңдылыққа айналды. Ойын қай кезеңде де өз құндылығын жойған жоқ. Десек те, педагогтер тарапынан ойынға деген көзқарастар мен іс-тәжірибелер әрқилы. Осыған орай педагог-тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігі қатарында ойын құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Өйткені мектепке дейінгі білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріп, ойын арқылы оқыту қағидаты басымдық танытып отыр.

Мектеп жасына дейінгі баланың ойын іс-әрекетін дамыту саласындағы педагог құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулерді талдау көрсеткендей, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының көптеген педагогтері ойынды қарапайым іс-әрекет, көрсетілімге арналған шара секілді қабылдайды, оның зор әлеуеті толық ашылмай қалады. Педагогтер тәрбиеленушілерді затпен, ойыншықпен, сызбалар және үлгілермен әрекет етуге үйрете отырып, ойынды оқытудың ойын түрлерімен алмастырады, осылайша ойын құзыреттілігінің дамуының төмен деңгейін көрсетеді. Жалпы, ойын құзыреттілігін бір жағынан педагогтің кәсіби құзыреттілігінің бір түрі, екінші жағынан табиғи феномен ретінде қарастыруға болады.

Біздің түсінігімізше, ойын құзыреттілігі – бұл ойын іс-әрекетін психологиялық педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін педагог-тәрбиешіге қажетті сипаттамалар жиынтығынан тұратын құрылымдалған білім беру. Ойын құзыреттілігі құрылымдалған құрауыштар бірлігімен анықталады: тәрбиешінің психологиялық-педагогикалық білімі, ойын іскерлігі және ойынға деген тұлғалық қарым-қатынасы.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау өлшемдері ретінде қарастыруға болады:

Біріншіден, тәрбиешінің ойынға деген құндылық қарым-қатынасы, ол ойынның баланың дамуына ықпал ететін жетекші іс-әрекет ретіндегі зор әлеуетін түсінуді көздейді.

Екіншіден, жалпы қорытылған ойын теориясы, ол отандық және шетелдік тәжірибеден, ойын саласына қатысты психологиялық-педагогикалық зерттеулерден тұратын ойынның теориялық негіздерін білуден тұрады.

Үшіншіден, ойын кеңістігін дамыту дәрежесі, ол негізгі тұғыр ретінде қарастырылады, өйткені ойын іс-әрекетін жүзеге асырудың зор мүмкіндігін беретін ойын кеңістігінен тұрады.

Төртіншіден, тәрбиешілердің ойынға дайындығы, МДҰ педагогтерінің білім беруде ойынға қалай жетекшілік етуіне, шынайы әрекеттен нақты жағдаяттарға ауысуды жүзеге асыру біліктілігін көздейді.

Бесіншіден, тұлғалық сапалардың жиынтығы, ол педагогтің бастамашылдық, креативтілік, эмпатия, рефлексия секілді маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейінен тұрады.

Креативтілік – кәсіби міндеттерді шешуде стандарттан тыс, шығармашылық ықпал жасау, мақсатқа жетудің оңтайлы жолдарын таба білу қабілеті. Эмпатия басқа адамдардың ойын барысындағы жай-күйін сезіне білу қабілетінен тұрады. Рефлексия – өзіндік іс-әрекетін талдау, ұғыну және бағалау қабілеті.

Алтыншыдан, ойын тәжірибесі практикалық тұрғыда меңгерілген, ойнатылған ойын жағдаяттар мен балалар ойынының мазмұнын толықтыратын іскерлік, біліктер жиынтығынан құралады.

Әрине, педагог-тәрбиеші өзі ойнай білуі тиіс, қиялын ұштап, кез келген рөлге еркін енуі керек, эмоционалды әсерлі болуы қажет. Яғни, ойнай білу - бұл жаңа дүниелерді, рөлдер мен сюжеттерді ойлап табу ғана емес, сонымен қатар балаларды ойынға тарту, оларға қиялдағы жағдайға сенуге, кейіпкердің орнында сезінуге, оның мінезін көрсетуге көмектесу. Ол үшін педагогтің өзі эмоционалды, мәнерлі, ашық және әртістік қабілетке ие болуы керек. Бұл қасиеттер мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагог-мамандарының, осы мамандықтың өзегі болып табылады.

Ойынды ұйымдастыру үшін педагог-тәрбиеші балалардың ойластырған идеяларын байқап, олардың мағыналарын түсініп, қызығушылықтарын қолдау қажет, ересек адамның күткеніне сәйкес келмесе де қолдап, олардың ойынын қабылдауы керек. Балалардың өзгелердің қолдауынсыз мазмұнды және дербес ойнай алатындығын, оларда іскерлік (ойын) қарым-қатынас қалыптасқандығын түсінген сәтте уақытында "ойыннан шығу" керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ойынның ролі көпқырлы. Ойын іс-әрекеті қарапайымнан күрделіге қарай – барлық психикалық процесстерге қалыптастыруға ықпал етеді. Ойын, әдетте балалардың бірлескен әрекеті болып табылады. Онда серіктестер болуы қажет, демек басқалардың әрекеттеріне кәңіл бәліп, оларға қарай икемделуі тиіс. Сәйкесінше, педагог-тәрбиеші балаларға назар аударып, олардың қарым-қатынасын (кейде өте күрделі) және қажеттіліктерін түсінуі қажет. Бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігіне қойылатын қарапайым, бірақ өте маңызды талаптар. Ойынды ұйымдастыру үшін балалардың ойлап тапқан идеяларын түсініп, қолдау, олардың ойынын қабылдау қажет.

Осы аталған тұжырымдарды негізге ала отырып, өзіміздің бөбекжай балабақшасының педагогикалық ұжымы арасында «ойын құзыреттілігі» мәселесі алға қойылды. Әр педагогке өзінің педагогикалық шеберлігін ойын іс-әрекетімен байланыстырып, шығармашылық даму

мүмкіндігіне жол ашылды. МЖМБС–қа сәйкес дайындалған үлгілік бағдарламаның бағдарламалық мазмұнын жүзеге асыруда «түйінді дағдыларды дамытатын, қалыптастыратын тиімді әдіс - ойын» деп мойындалды. Демек, бала ойынының табиғатын түсініп, нәтижелі жұмыс жүргізу үшін педагог-тәрбиешінің ойын құзыреттілігін дамыту қажет-ақ.

Жоғарыда айтылған ойды түйіндей келе, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби ойын құзыреттілігін келесі аспектілермен қарастыруға болады:

- ұшқыр қиял, креативтілік, іс-әрекет еркіндігі;
- эмоционалды мәнерлілік, ашықтық, әртістік шеберлігі;
- әдептілік, серіктеске деген түсіністік, сезімталдық, коммуникативтік қабілеттері.

Бұл қасиеттер ойын барысында көрініс тауып қана қоймайды, одан әрі қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің балалар ойынының орталығында болып, не болып жатқанын түсініп, ойыншылардың мүдделері не қызығушылығына еніп, оларды епті бағыттап білуі тиіс.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Смирнова Е.О. Игровая компетентность воспитателя // Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2017. – №9. – С.4–9.
2. Воровикова Л.В. Идентификация педагога с детством // Детский сад: теория и практика. – 2016. – №1. – С. 6–16.
3. Рзаева, Е. И. Игровая компетентность как необходимое условие профессиональной деятельности воспитателя дошкольного образовательного учреждения [Текст] / Е.И. Рзаева // Высшее образование сегодня – 2013. – № 9. – С. 21-24.



**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың  
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді**

**Зарегистрирован в Министерстве Культуры  
и Информации Республики Казахстан, Комитете  
информации и Архивов за № 14080-Г от 30.12.2013г.**

**эл.почта: [ou2020@mail.ru](mailto:ou2020@mail.ru)**

**тел: +7 705 444 8151**